

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын сауықтыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 тамыздағы N 1115. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының қаржы-шаруашылық қызметін сауықтыру, инвестицияларды, озық технологияларды тарту және кәсіпорынды тиімді басқарудың тәжірибесін жинақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін оған басқаруға беру туралы "Қазинтерметалл" акционерлік қоғамының ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен келісіп, "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін басқару құқына контракт жасасын.

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан аталған контрактыға қол қоюға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасына өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын "Ақсұңқар" мемлекеттік холдинг компаниясының құрамынан заңдарда белгіленген тәртіппен шығарсын.

4. "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын басқару контрактысы шарттарының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

